2-тарау. Тендерлік құжаттама

Тендерлік құжаттаманың мазмұны

7. Тендерді ұйымдастырушы әлеуетті қатысушыларға ұсынатын тендерлік құжаттама мыналарды қамтиды:

- 1) Бас жоспарға сәйкес қалыптастырылған тендерге қойылатын лот (лоттар);
- 2) тендерді өткізу уақыты мен орны туралы ақпарат;
- 3) тендерлік өтінімдерді ұсыну тәсілі, орны, соңғы мерзімі және олардың қолданылу мерзімі;
- 4) учаскені пайдалануға беру шарттары, оның нысаналы мақсаты (№ 1 қосымша);
- 5) жобалау-сметалық құжаттаманы (бұдан әрі – ЖСҚ) әзірлеу және нысандарды салу мерзімдері (бұл ретте ЖСҚ әзірлеу мерзімі бір күнтізбелік жылдан аспауға, ал нысанды салу мерзімі үш күнтізбелік жылдан аспауға тиіс);
- 6) Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі сала-сындағы заңнамасына сәйкес инженерлік, көлік және әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын

салуға, құрылыс нысанына іргелес аумақты абаттандыруға, қабаттылығына, құрылыс барысында пайдаланылатын материалдарға, сондай-ақ құрылыс кезінде пайда болатын қалдықтарды басқаруға қойылатын талаптар (№ 1 қосымша);

7) Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 44-бабы 7-тармағына сәйкес құрылыс салынатын жер учаскесінде орналасқан жылжымайтын мүлікті бұзуға байланысты барлық шығындарды өтеу талаптары (№ 1 қосымша);

8) жер учаскесін таңдау актісі, онда учаскенің ауданы көрсетіліп, сызбасы қоса беріледі (қоса тіркеледі).

8. Тендердің әлеуетті қатысушысы тендерлік құжаттамада және оған қосымшаларда қамтылған барлық талаптарды, нысандарды, шарттарды және техникалық ерекшеліктерді зерделеуі тиіс.

9. Әлеуетті қатысушы туризм және рекреация нысанын орналастыруға арналған учаскені және оған іргелес аумақты барып көруге және қарап шығуға құқылы.

10. Әлеуетті қатысушы өзінің тендерлік өтінімін дайындауға және ұсынуға байланысты барлық шығындарды өзі көтереді, ал тендерді ұйымдастырушы мен тендерлік комиссия тендер нәтижесіне қарамастан бұл шығындар бойынша жауап бермейді және міндеттеме алмайды.

11. Тендерлік құжаттаманың көшірмесін тендерді ұйымдастырушы ұсынады.

Тендерлік құжаттаманы түсіндіру

12. Тендерлік құжаттаманың жобасы тендер өткізу туралы хабарландыру жарияланғанға дейін он күнтізбелік күн бұрын тендерді ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсында орналастырылады. Тендерлік құжаттама жобасын әлеуетті қатысушылардың алдын ала талқылау мерзімі бес күнтізбелік күнді құрайды.

13. Тендерлік құжаттама жобасына қатысты сұрақтар туындаған жағдайда, оны талқылауға қатысатын тұлғалар тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру және қажет болған жағдайда оған негізделген ұсыныстар енгізу туралы жазбаша сұрау салумен тендерді ұйымдастырушыға жүгінеді.

14. Тендерлік құжаттама жобасына ескертулер мен ұсыныстар болмаған жағдайда, тендерлік құжаттама тендерді ұйымдастырушы тарапынан бір жұмыс күні ішінде бекітіледі.

Ескертулер мен ұсыныстар болған жағдайда, Ұлттық парк жанындағы үйлестіру кеңесі тендерлік құжаттаманы алдын ала талқылау мерзімі аяқталған күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде келесі ұсыныстардың бірін енгізеді:

1) тендерлік құжаттама жобасын өзгерту және (немесе) толықтыру;

2) тендерлік құжаттама жобасына берілген ескертулерді оларды қабылдамау себептерін негіздей отырып кері қайтару;

3) тендерлік құжаттаманың ережелеріне түсіндірме беру.

Алдын ала талқылау қорытындысы бойынша Ұлттық парк бір күн ішінде тиісті хаттамаға қол қояды, онда тендерлік құжаттама жобасына келіп түскен ескертулер және үйлестіру кеңесі қабылдаған ұсыныстар туралы ақпарат қамтылады.

Тендерді ұйымдастырушы алдын ала талқылау хаттамасына қол қойылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде осы тармақтың бесінші бөлігінде көрсетілген шешімдердің бірін қабылдайды. Осыдан кейін тендерлік құжаттама жобасын алдын ала талқылау хаттамасы және бекітілген тендерлік құжаттаманың мәтіні Ұлттық парктің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

Тендерлік құжаттама көрсетілген шешімдердің бірі қабылданған күннен бастап бекітілген болып есептеледі.

3-тарау. Тендерлік өтінімнің мазмұны

15. Тендер қатысушысы келесі құжаттарды (мемлекеттік немесе орыс тілдерінде) ұсынады:

1) лоттар көрсетілген, тендерге қатысуға арналған еркін нысандағы тендерлік өтінім;
2) заңды тұлғалар үшін – жарғының көшірмесі және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмесі, жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) техникалық ерекшеліктер (ұсынылатын жұмыстар мен қызметтердің техникалық сипаттамасы, оның ішінде спецификациялар, жоспарлар, сызбалар, эскиздер);

4) пайдаланушы аумағында орналасқан табиғи кешендердің, мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің және тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған ұсынылатын қызметтер мен жұмыстардың тізбесі, сондай-ақ жергілікті халық үшін жаңа жұмыс орындарын құруды және мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жағдай жасауды ескере отырып;

5) нысандарды салуға жеткілікті қаржы қаражатының және (немесе) қарыз қаражатына қолжетімділіктің және (немесе) тиісті материалдық және еңбек ресурстарының бар екенін растайтын құжаттар. Қаржы қаражатының бар екендігі тендерге қатысу үшін ұсынылғанға дейін он жұмыс күнінен кешіктірілмей екінші деңгейдегі банк берген анықтамамен расталады. Тендер қатысушысы жоба бойынша бизнес-жоспарды қаржылық-экономикалық үлгісімен бірге қоса ұсынады;

6) құрылыс нысандарының болжамды эскизі (эскиздік жобасы);

7) табиғи кешендерді туристік және рекреациялық мақсатта, сондай-ақ туристік және рекреациялық мақсаттағы объектілерді пайдаланғаны үшін ұсынылатын баға.

Тендерге қатысуға арналған өтінім тендер қатысушысы тарапынан тігіліп, беттері нөмірленген түрде ұсынылады және соңғы беті оның қолымен куәландырылады.

4-тарау. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді мөрлеу және таңбалау

16. Әлеуетті қатысушы тендерлік өтінімді конвертке салып, оны мөрлейді. Конвертте мыналар көрсетілуі тиіс:

1) әлеуетті қатысушының атауы және толық пошталық мекенжайы (тендерлік өтінім «кешіктірілген» деп танылған жағдайда оны ашпай қайтару мақсатында);

2) тендерді ұйымдастырушының атауы және толық пошталық әрі электрондық мекенжайы: «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ, пошталық индексі 041422, Алматы облысы, Кеген ауданы, Саты ауылы, Ұлтараров көшесі, 48, электрондық мекенжайы: kolsai07@mail.ru;

3) тендердің толық атауы: «Туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің учаскелерін ұзақ мерзімді пайдалануға беру бойынша тендер», лот нөмірі, учаскенің орналасқан жері мен ауданы көрсетіле отырып, сондай-ақ «АШПАУ» деген мәтін жазылуы тиіс.

Тендерлік өтінімдерді ұсыну орны және соңғы мерзімі

17. Тендерлік өтінімдер тендерді ұйымдастырушыға қолма-қол немесе пошта арқылы мына мекенжайға ұсынылады: 041422 пошталық индексі, Алматы облысы, Кеген ауданы, Саты ауылы, Ұлтараров көшесі 48, «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ ғимараты, туризм және рекреация бөлімі. Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2026 жылғы 19 наурыз сағат 17:30-ге дейін.

18. Тендерді ұйымдастырушы (немесе оның жауапты тұлғасы) тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін алған барлық өтінімдер қабылданбайды, ашылмайды және оларды ұсынған әлеуетті қатысушыларға қайтарылады.

Тендерлік өтінімдерге өзгерістер енгізу және оларды кері қайтарып алу

19. Әлеуетті қатысушы тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін өзінің тендерлік өтінімін кері қайтарып алуға құқылы.

Тендерлік өтінімдерді ұсыну тәртібі

20. Тендерлік өтінімдер осы тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес ұсынылуы тиіс.

5-тарау. Тендерлік өтінімдерді ашу және бағалау

21. Тендерлік комиссияның тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашуы қатысып отырған әлеуетті қатысушылардың уәкілетті өкілдері әлеуетті қатысушыларды тіркеу журналында тіркелуі тиіс.

22. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашуды комиссия хатшысы жүзеге асырады, бұл ретте қатысып отырған тұлғаларға тендер қатысушыларының атауы мен орналасқан жері, қатысуды жоспарлап отырған лоттарының атауы, сондай-ақ тендерге ұсынылған құжаттардың тізбесі бір мезгілде жарияланады.

23. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу нәтижелері бойынша конверттер ашылған күні комиссия хатшысы конверттерді ашу хаттамасын жасайды, оған комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Осы хаттаманың куәландырылған көшірмелері тендер қатысушыларына ұсынылады.

Тендерлік өтінімдерді алдын ала зерделеу және қарау

24. Тендерлік өтінімдерді бағалау комиссия тарапынан конверттер ашылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

25. Өзге үміткерлер болмаған жағдайда, осы Қағидалардың 23-тармағында көзделген құжаттардың толық тізбесін ұсынған жалғыз тендер қатысушысы тендердің жеңімпазы деп танылады.

26. Тендер өтінімдер болмаған жағдайда және (немесе) тендер қатысушылары ұсынған құжаттар Комиссия тарапынан осы Қағидалардың 23-тармағында көрсетілген құжаттар тізбесіне сәйкес келмейді деп танылған жағдайда, тендер өтпеді деп есептеледі.

27. Тендер жеңімпазын қатысушылар арасынан таңдау Комиссия отырысында, Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда жүзеге асырылады. Комиссия шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және қатысып отырған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілген жағдайда қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп танылады.

Комиссия мүшесі Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда, өзінің ерекше пікірін жазбаша түрде білдіріп, оны Ұлттық парк учаскелерін ұзақ мерзімді пайдалануға беру жөніндегі тендер қорытындыларының хаттамасына (бұдан әрі – тендер қорытындыларының хаттамасы) қоса тіркейді.

Комиссия отырыстары онлайн-трансляция ұйымдастырыла отырып, нақты уақыт режимінде өткізіледі және отырысқа қатысушылардың кедергісіз қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.

Комиссия отырысының бейне-аудио жазбасына сілтеме Комиссия отырысы өткізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Ұлттық парктің интернет-ресурсында орналастырылады.

6-тарау. Тендер қорытындылары және шарт жасасу

28. Әрбір лот бойынша тендер қорытындыларының хаттамасына отырысқа қатысқан Комиссияның барлық мүшелері және хатшы қол қояды және онда мынадай ақпарат қамтылады:

- 1) отырысқа қатысқан Комиссия мүшелерінің тізімі;
- 2) өтініш берушінің атауы және оның заңды мекенжайы;
- 3) ұзақ мерзімді пайдалануға берілетін жер учаскесінің орналасқан жері мен ауданы;
- 4) тендерлік өтінімдерді бағалау нәтижелері;
- 5) Комиссияның шешімі.

29. Тендер қорытындыларының хаттамасына қол қойылған сәттен бастап Ұлттық парк тендер жеңімпазына тендер нәтижелері туралы хабарлама жібереді және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес бес жұмыс күні ішінде Шарт жасасады.

Шарт жасалғаннан кейін тендер жеңімпазы Ұлттық парк учаскесін пайдаланушы (бұдан әрі – Пайдаланушы) болып танылады.

30. Тендер жеңімпазы өзіне хабарлама жіберілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Шарт жасасуға келмеген жағдайда, бұл Ұлттық парк учаскесін пайдаланудан бас тарту ретінде қарастырылады.

Комиссия осы Қағидалардың 23 және 30-тармақтарына сәйкес Ұлттық парк учаскесін ұзақ мерзімді пайдалануға неғұрлым тиімді шарттар ұсынған қалған тендер қатысушыларының арасынан жеңімпазды айқындайды және (немесе) аталған лот осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен келесі тендерге шығарылады.

31. Тендер нәтижелері және тендер қорытындыларының хаттамасы тендер өткізу туралы хабарландыру жарияланған бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ Ұлттық парктің ресми интернет-ресурсында Ұлттық парк тарапынан жарияланады.

32. Тендер қатысушысы Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 91-бабында көзделген сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін сотқа жүгінуге құқылы.

33. Шарт жасалған күннен бастап Пайдаланушы бір күнтізбелік жыл ішінде (егер жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу қажеттілігі шартта көрсетілсе) эскизге (эскиздік жобаға) сәйкес әзірленген жобалау-сметалық құжаттаманы (ЖСҚ) дайындап, оны құрылыс жүргізудің күнтізбелік жоспарымен бірге Ұлттық паркке ұсынады.

Ұлттық парк ЖСҚ мен құрылыс жүргізудің күнтізбелік жоспары ұсынылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ЖСҚ-ны келісуді жүзеге асырады.

33-1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың шектеулі шаруашылық қызмет аймағындағы учаскелері туризм объектілеріне инженерлік инфрақұрылымды (жолдар, көпірлер, электр беру желілері және өзге де коммуникациялар) жобалау, салу және қызмет көрсету үшін, жануарлардың көші-қон жолдарын ескере отырып, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін босалқы жерлер санатына ауыстырмай, инвестициялық жобалар бойынша табиғат қорғау ұйымымен жасалған ұзақ мерзімді пайдалануға беру туралы шарт негізінде беріледі. Мұндай учаскелер Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Инвестициялық штаб мақұлдаған, инвестор қаражаты есебінен іске асырылатын жобалар шеңберінде мемлекеттік

органдарға және жарғылық капиталында мемлекеттің жүз пайыздық қатысуы бар олардың еншілес және (немесе) аффилиирленген ұйымдарына ұсынылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың учаскелерін туризм объектілеріне инженерлік инфрақұрылымды (жолдар, көпірлер, электр беру желілері және өзге де коммуникациялар) жобалау, салу және қызмет көрсету үшін ұзақ мерзімді пайдалануға беру туралы шарт Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін үлгілік шарт негізінде жасалады.

Аталған шартта орындалатын жұмыстардың атауы, оларды орындау мерзімдері мен талаптары, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі экологиялық талаптар, бүлінген жерлерді рекультивациялау шаралары және оларды орындау мерзімдері көрсетіледі.

34. Ұлттық паркпен келісілген жобалау-сметалық құжаттама (ЖСҚ) Пайдаланушы тарапынан отыз жұмыс күнінен кешіктірілмей Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңы 64-1-бабына сәйкес кешенді ведомстводан тыс сараптамаға жіберіледі.

35. Пайдаланушы ЖСҚ бойынша кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін, бұл туралы Ұлттық паркті жазбаша түрде алдын ала хабардар ете отырып, объектілердің құрылысын бастайды.

Техникалық спецификация

Жер телімдерін пайдалануға беру шарттары және олардың нысаналы мақсаты:

Жер телімі №	Нысандардың атауы	Техникалық спецификацияның мазмұны және талаптары
<p align="center">№ 1 лот. Жер телімінің орналасқан жері: Қарабұлақ орманшылығы, Қайыңды шатқалы, 11 квартал 34 телім, 21 квартал 3 және 9 телімдер. Нысанның атауы: Туристерге қызмет көрсету нысаны, ауданы 7 га.</p>		
1	Жоспарланатын іс-шаралар	<p>Туристерге қызмет көрсету нысаны мыналарды орналастыруды қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 70 орындық эко-қонақ үй. 2. эко-үйлер – 12 бірлік. 3. Глэмпингтер – 40 дана. 4. Қоғамдық тамақтану орыны – 2 бірлік (стандартты киіз үй түрінде). 5. Визит-орталық – 1 бірлік (білім беру сыныптары; техникалық бөлме (қойма); персоналға арналған бөлме; шағын медициналық пункт; кәдесый дүкендері және т.б.). <p>Аумақты абаттандыру мыналарды қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) автотұрақ (электромобильдерге арналған зарядтау құрылғысы бар тұрақ аймағы және т.б.); 2) күбісі және жылытқышы бар монша кешені; 3) демалуға арналған орын (күркелер, шатырлар, орындықтар, үстелдер), МБК, қоқыс жинағыштар; 4) балалар алаңы аймағы; 5) жылқыларға арналған қалқа; 6) от жағуға және барбекюге арналған аймақ; 7) қарау алаңдарын орналастыруға арналған орын; 8) глэмпингтер мен шатырларды орналастыруға арналған аймақ; 9) электр скутерлерді, электр байктерді, электр велосипедтерді, электр квадроциклдерді жалға алуға және электр гольфкараға арналған орын.
	Эко отель үй	<p>Эко отель үй салуға пайдаланылатын материалдар мыналарды қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Қаңқа: Ғимараттың конструктивтік сызбасы — құрастырмалы-жиналмалы элементтері бар металл қаңқа. 2) Жабын (аралық қабат): 200×50 мм тақтай + 150 мм жылу оқшаулағыш. 3) Стропиль жүйесі: 150×50 мм, қадамы 600 мм. 4) Жылу оқшаулағыш: Knauf минералды мақтасы 50 мм. 5) Мембраналар: А (желден қорғау) және В (бу оқшаулау). 6) Шатыр: Фальцті шатыр.

		<p>7) Қасбет: Брус имитациясы.</p> <p>8) Терезелер: Поливинилхлорид Smart Pro 60, 4 мм шыныпакет.</p> <p>9) Есіктер: Кіреберіс — металл, ішкі есіктер — ұсақ дисперсті ағаш фракциясынан (МДФ).</p> <p>10) Едендер: 12 мм бағытталған-талшықты плита (OSB) + ламинат.</p> <p>11) Электрика: Поливинилхлорид оқшаулауы мен қабығы бар мыс күштік кабель, Schneider автоматтары, LED жарықтандыру.</p> <p>12) Сантехника: Поливинилхлорид құбырлар 15–32 мм.</p> <p>13) Жылыту: Электр қазандығы / радиаторлар.</p> <p>14) Байланыс: Интернет кабелі, серверлік нүкте.</p> <p>15) Пайдалану: Жыл бойы.</p> <p>Ғимараттың конструктивтік сызбасы — металл немесе ағаш тіректер мен ригельдерден және өзге де конструктивтік элементтерден тұратын қаңқа. Жабындар мен шатыр нормаларға сәйкес орындалады.</p> <p>Сыртқы қоршаушы конструкциялар мен арақабырғалар ҚР ҚНЖЕ, СП РК және СН РК талаптарына сәйкес орындалады.</p>
	Эко үйлер	<p>Эко үйлерді салуға пайдаланылатын материалдар мыналарды қамтиды:</p> <p>1) Қаңқа: ағаш тақтайдан (қарағай) 150×50 мм, қадамы 600 мм, отқа және био қорғаумен өңделген.</p> <p>2) Жылу оқшаулағыш: Кнауф минералды мақтасы, қалыңдығы 50 мм.</p> <p>3) Мембрана: бу және гидрооқшаулағыш А–В.</p> <p>4) Шатыр: фальцті шатыр.</p> <p>5) Ішкі әрлеу: өңделген БС санатындағы вагонка.</p> <p>6) Терезелер мен есіктер: поливинилхлорид Smart Pro 60, 4 мм қос шыныпакет.</p> <p>7) Электрика: поливинилхлорид оқшаулауы мен қабығы бар мыс күштік кабель 3×2,5 және 3×1,5, қорғаныс автоматтары.</p> <p>8) Сантехника: 15–25 мм поливинилхлорид құбырлар, фитингтер, крандар, араластырғыштар.</p> <p>9) Едендер: 12 мм бағытталған-талшықты плита (OSB) + 32 класс ламинат.</p> <p>10) Санитарлық торап: кафельмен әрлеу, ылғалға төзімді материалдар.</p> <p>11) Жылыту: электрлік жылыту және жылы еден.</p> <p>12) Пайдалану: төрт маусымдық.</p> <p>13) Жоспарлау: 1 бөлме, ас үй-қонақ бөлмесі, санитарлық торап.</p> <p>14) Дизайн: заманауи экостиль және минимализм.</p>
	Глэмпингтер	<p>Глэмпингтерді салуға пайдаланылатын материалдар мыналарды қамтиды:</p>

		<p>1) Қаңқа: ағаш тақтайдан (қарағай) 150×50 мм, қадамы 600 мм, отқа және био қорғаумен өңделген.</p> <p>2) Жылу оқшаулағыш: Knauf минералды мақтасы, қалыңдығы 50 мм.</p> <p>3) Мембрана: бу және гидрооқшаулағыш А–В.</p> <p>4) Шатыр: фальцті шатыр.</p> <p>5) Ішкі әрлеу: өңделген БС санатындағы вагонка.</p> <p>6) Терезелер мен есіктер: поливинилхлорид Smart Pro 60, 4 мм қос шыныпакет.</p> <p>7) Электрика: поливинилхлорид оқшаулауы мен қабығы бар мыс күштік кабель 3×2,5 және 3×1,5, қорғаныс автоматтары.</p> <p>8) Сантехника: 15–25 мм поливинилхлорид құбырлар, фитингтер, крандар, араластырғыштар.</p> <p>9) Едендер: 12 мм бағытталған-талшықты плита (OSB) + 32 класс ламинат.</p> <p>10) Санитарлық торап: кафельмен әрлеу, ылғалға төзімді материалдар.</p> <p>11) Жылыту: электрлік жылыту және жылы еден.</p> <p>12) Пайдалану: төрт маусымдық.</p> <p>13) Жоспарлау: 1 бөлме, ас үй-қонақ бөлмесі, санитарлық торап.</p> <p>14) Дизайн: заманауи экостиль және минимализм.</p>
	<p>Қоғамдық тамақтану орыны</p>	<p>Қоғамдық тамақтану орыны салуға пайдаланылатын материалдар мыналарды қамтиды:</p> <p>1) Қаңқа: Ғимараттың конструктивтік сызбасы — құрастырмалы-жиналмалы элементтері бар металл қаңқа.</p> <p>2) Жабындар: 200×50 мм тақтай + 150 мм жылу оқшаулағыш.</p> <p>3) Стропиль жүйесі: 150×50 мм, қадамы 600 мм.</p> <p>4) Жылу оқшаулағыш: Knauf минералды мақтасы 50 мм.</p> <p>5) Мембраналар: А (желден қорғау) және В (бу оқшаулау).</p> <p>6) Шатыр: Фальцті шатыр.</p> <p>7) Қасбет: Брус имитациясы.</p> <p>8) Терезелер: Поливинилхлорид Smart Pro 60, 4 мм шыныпакет.</p> <p>9) Есіктер: Кіреберіс — металл, ішкі есіктер — ұсақ дисперсті ағаш фракциясынан (МДФ).</p> <p>10) Едендер: 12 мм бағытталған-талшықты плита (OSB) + ламинат.</p> <p>11) Электрика: Поливинилхлорид оқшаулауы мен қабығы бар мыс күштік кабель, Schneider автоматтары, LED жарықтандыру.</p> <p>12) Сантехника: 15–32 мм поливинилхлорид құбырлар.</p> <p>13) Жылыту: Электр қазандығы / радиаторлар.</p> <p>14) Байланыс: Интернет кабелі, серверлік нүкте.</p>

		<p>15) Пайдалану: Жыл бойы.</p> <p>Ғимараттың конструктивтік сызбасы — металл немесе ағаш тіректер мен ригельдерден және өзге де конструктивтік элементтерден тұратын қаңқа. Жабындар мен шатыр нормаларға сәйкес орындалады.</p> <p>Сыртқы қоршаушы конструкциялар мен арақабырғалар ҚР ҚНЖЕ, СП РК және СН РК талаптарына сәйкес орындалады.</p>
	Визит-орталық	<p>Визит – орталықты салуға пайдаланылатын материалдар мыналарды қамтиды:</p> <p>1) Қаңқа: Ғимараттың конструктивтік сызбасы — құрастырмалы-жиналмалы элементтері бар металл қаңқа.</p> <p>2) Жабындар: 200×50 мм тақтай + 150 мм жылу оқшаулағыш.</p> <p>3) Стропиль жүйесі: 150×50 мм, қадамы 600 мм.</p> <p>4) Жылу оқшаулағыш: Knauf минералды мақтасы 50 мм.</p> <p>5) Мембраналар: А (желден қорғау) және В (бу оқшаулау).</p> <p>6) Шатыр: Фальцті шатыр.</p> <p>7) Қасбет: Брус имитациясы.</p> <p>8) Терезелер: Поливинилхлорид Smart Pro 60, 4 мм шыныпакет.</p> <p>9) Есіктер: Кіреберіс — металл, ішкі есіктер — ұсақ дисперсті ағаш фракциясынан (МДФ).</p> <p>10) Едендер: 12 мм бағытталған-талшықты плита (OSB) + ламинат.</p> <p>11) Электрика: Поливинилхлорид оқшаулауы мен қабығы бар мыс күштік кабель, Schneider автоматтары, LED жарықтандыру.</p> <p>12) Сантехника: 15–32 мм поливинилхлорид құбырлар.</p> <p>13) Жылыту: Электр қазандығы / радиаторлар.</p> <p>14) Байланыс: Интернет кабелі, серверлік нүкте.</p> <p>15) Пайдалану: Жыл бойы.</p> <p>Ғимараттың конструктивтік сызбасы — металл немесе ағаш тіректер мен ригельдерден және өзге де конструктивтік элементтерден тұратын қаңқа. Жабындар мен шатыр нормаларға сәйкес орындалады.</p> <p>Сыртқы қоршаушы конструкциялар мен арақабырғалар ҚР ҚНЖЕ, СП РК және СН РК талаптарына сәйкес орындалады.</p>
<p>№ 2 лот. Учаскенің орналасқан жері: Қарабұлақ орманшылығы, Қайыңды шатқалы, 21 квартал 16 телім. Объектінің атауы: Туристерге қызмет көрсету нысаны, ауданы 1,5 га.</p>		
2	Жоспарланатын іс-шаралар	Туристерге қызмет көрсету нысаны: - қонақ үйлер (коттедждер) саны 11 бірлік;

		<p>- визит – орталық; - әкімшілік ғимарат; - қоғамдық тамақтану орыны (мейрамхана).</p> <p>Аумақты абаттандыру мыналарды қамтиды: 1) автотұрақ (тұрақ аймағы); 2) 2 бірлік санында күбісі және жылытқышы бар монша кешені; 3) демалуға арналған орын (күркелер, шатырлар, орындықтар, үстелдер), септигі бар дәретханалар, қоқыс жинағыштар; 4) балалар алаңы аймағы; 5) серуендеу аймағы; 6) от жағуға арналған аймақ; 7) қарау алаңдарын орналастыруға арналған орын; 8) глэмпингтер мен шатырларды орналастыруға арналған аймақ.</p>
	Қонақ үйлер (коттедждер)	<p>Жалпы сипаттамалары: Әрбір қонақ үйдің ауданы 40 м²-ден кем емес. Жыл бойы тұруға арналған.</p> <p>Іргетас: Топырақ ерекшеліктеріне және таспалы бетон негіздерін қолдануға қойылған шектеулерге байланысты металл қадалардан жасалған қадалы іргетас қарастырылған.</p> <p>Көтергіш конструкция: Көтергіш жүйе ретінде металл қаңқа қарастырылған.</p> <p>Шатыр: Жобада фальцті шатыр орнату көзделген.</p> <p>Қасбеттің сыртқы әрлеуі: Қасбет (Фасад) аралас тәсілмен орындалады: фиброцемент панельдер және ағаш рейкалар.</p> <p>Ішкі әрлеу: Ішкі әрлеуде бамбук панельдерін қолдану қарастырылған.</p> <p>Жылу оқшаулау және инженерлік желілер: Жобада жанбайтын немесе қиын жанатын жылытқыштарды қолдану, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы құрылыс және өртке қарсы нормаларына сәйкес орындалған өрт қауіпсіз инженерлік коммуникацияларды пайдалану көзделген.</p> <p>Энергиямен жабдықтау: Қонақ үйлерді электрмен жабдықтау гибриді жүйе арқылы қарастырылған, оған күн панельдерін (фотоэлектрлік модульдер) резервтік қуат көзімен және электр энергиясын жинақтау жүйесімен бірге пайдалану кіреді.</p>
	Визит - орталық	<p>Визит - орталықты салуда қолданылатын материалдар мыналарды қамтиды:</p> <p>1) Қаңқа: 150×50 мм өлшемдегі қарағай тақтайы, қадамы 600 мм, отқа және биологиялық әсерге қарсы қорғаныспен өңделген.</p> <p>2) Аралық жабындар: 200×50 мм тақтай + 150 мм қалыңдықтағы жылытқыш.</p> <p>3) Стропильдік жүйе: 150×50 мм, қадамы 600 мм.</p>

		<p>4) Жылытқыш: Knauf минералды жүн, қалыңдығы 50 мм.</p> <p>5) Мембраналар: А – желден қорғау, В – бу тосқауылы.</p> <p>6) Шатыр жабыны: металл шатыр тақтасы (металлочерепица).</p> <p>7) Фасад: брусты имитациялау.</p> <p>8) Терезелер: ПВХ Smart Pro 60, 4 мм шыны пакеті.</p> <p>9) Есіктер: металл кіреберіс есіктер; ішкі есіктер – МДФ.</p> <p>10) Еден: ОСБ 12 мм + ламинат.</p> <p>11) Электр жүйесі: ВВГ кабелі, Schneider автоматтары, LED жарықтандыру.</p> <p>12) Сантехника: ПВХ құбырлары, 15–32 мм.</p> <p>13) Жылыту: электр қазандығы / радиаторлар.</p> <p>14) Байланыс: интернет-кабель, серверлік нүкте.</p> <p>15) Пайдалану мерзімі: жыл бойы.</p>
	Әкімшілік ғимарат	<p>Әкімшілік ғимарат құрылысын салу үшін пайдаланылатын материалдар мыналарды қамтиды:</p> <p>1) Қаңқа: 150×50 мм өлшемдегі қарағай ағаш тақтайынан, аралығы 600 мм, отқа және био-қорғау құрамымен өңделген.</p> <p>2) Аралық жабындар: 200×50 мм тақтай + 150 мм жылу оқшаулағыш.</p> <p>3) Төбелік жүйе: 150×50 мм тақтайдан, аралығы 600 мм.</p> <p>4) Жылу оқшаулағыш: 50 мм Knauf минералды мақтасы.</p> <p>5) Мембраналар: желден қорғау (А) және бу оқшаулау (В).</p> <p>6) Шатыр жабыны: металл черепица.</p> <p>7) Қасбет: брус имитациясы.</p> <p>8) Терезелер: Smart Pro 60 поливинилхлорид профилі, 4 мм шыныпакет.</p> <p>9) Есіктер: металл кіреберіс есіктер, ішкі есіктер — ұсақ дисперсті ағаш талшықты материал.</p> <p>10) Едендер: 12 мм бағдарлы-талшықты тақта + ламинат.</p> <p>11) Электр жүйесі: поливинилхлорид оқшаулауы бар мыс күштік кабельдер, Schneider автоматтары, жарықтандыру — LED шамдар.</p> <p>12) Сантехника: 15–32 мм поливинилхлорид құбырлар.</p> <p>13) Жылыту: электр қазандығы / радиаторлар.</p> <p>14) Байланыс: интернет кабелі, серверлік нүкте.</p> <p>15) Пайдалану: жыл бойы.</p>
	Қоғамдық тамақтану орыны	<p>Қоғамдық тамақтану орыны салуға қолданылатын материалдар құрамына мыналар кіреді:</p> <p>1) Қаңқа: ағаш тақтайдан 150×50 мм, қадам 600 мм,</p>

	(мейрамхана)	<p>өртке және биологиялық әсерге қарсы құраммен өңделген.</p> <p>2) Оқшаулағыш: Knauf минералды мақтасы, қалыңдығы 50 мм.</p> <p>3) Мембрана: бу және гидрооқшаулағыш А–В типті.</p> <p>4) Шатыр жабыны: жұмсақ черепица (Docke).</p> <p>5) Сыртқы әрлеу: өңделген қарағайдан жасалған брус имитациясы.</p> <p>6) Ішкі әрлеу: лакпен қапталған және 5 мм декоративті тігісі бар фанера; көрінбейтін аймақтарда — боялған бағытталған жоңқалы тақта.</p> <p>7) Едендер: негізі — 12 мм бағытталған жоңқалы тақта; үстіңгі жабын — 32 класты ламинат; террасада — жабындысы бар тақтай.</p> <p>8) Терезелер мен есіктер: Smart Pro 60 поливинилхлорид профильді жүйесі, екі қабатты шыныпакет 4 мм.</p>
<p>№ 3 лот. Жер телімінің орналасқан жері: Қарабұлақ орманшылығы, Қайыңды шатқалы, 21-кварталдың 20 және 21-телімдері, 22-кварталдың 1-телімі.</p> <p>Нысанның атауы: Туристерге қызмет көрсету нысаны, аумағы 4 га.</p>		
3	Жоспарланатын іс-шаралар	<p>Туристерге қызмет көрсету нысаны төмендегілерді орналастыруды қамтиды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қонақ үйлер (экоүйшелер) — 7 бірлік; - қонақ үйлер (банясы бар экоүйшелер) — 6 бірлік; - қонақ үйлер (глэмпингтер) — 10 бірлік; - әкімшілік ғимараттар — 2 бірлік; - қоғамдық тамақтану орындары (мейрамхана немесе кафе) — 2 бірлік. <p>Аумақты абаттандыру мыналарды қамтиды:</p> <ul style="list-style-type: none"> 1) 30 автокөлікке арналған автотұрақ; 2) балалар алаңы аймағы — 2 бірлік; 3) демалыс орны (беседкалар, көлеңкелі шатырлар, орындықтар, үстелдер), септигі бар дәретханалар, қоқыс жинау орындары.
	Қонақүйлер (экоүйшелер)	<p>Барнхаус үлгісіндегі қонақ үйлерді (экоүйшелерді) салуға қолданылатын материалдар:</p> <ul style="list-style-type: none"> 1) Қаңқа: ағаш тақтай (қарағай) 150×50 мм, қадамы 600 мм. 2) Пішіні: биік екі еңісті шатыр, көлбеуі 35–45°. 3) Жылу оқшаулағыш: Knauf Insulation 50 мм (қабырғалар). 4) Мембраналар: А–В. 5) Қасбет: икемді черепица. 6) Шатыр жабыны: икемді черепица. 7) Терезелер: үлкен панорамалық, поливинилхлорид/ алюминий, әйнек 4 мм. 8) Едендер: бағытталған жаңқалы тақта 12 мм + ламинат. 9) Әрлеу: вагонка / гипсокартон парағы / брус

		<p>имитациясы.</p> <p>10) Электр: мыс күштік ВВГ кабелі, 3 өзекті (әрқайсысы 2,5 мм²), қорғаныс автоматтары.</p> <p>11) Сантехника: диаметрі 15–25 мм поливинилхлорид құбырлар.</p> <p>12) Жылыту: жылы еден + электр конвекторлары.</p> <p>13) Пайдалану: жыл бойы.</p>
	Қонақ үйлер (банясы бар экоүйшелер)	<p>Барнхаус үлгісіндегі банясы бар қонақ үйлерді (экоүйшелерді) салуға қолданылатын материалдар:</p> <p>1) Қаңқа: ағаш тақтай (қарағай) 150×50 мм, қадамы 600 мм.</p> <p>2) Пішіні: биік екі еңісті шатыр, көлбеуі 35–45°.</p> <p>3) Жылу оқшаулағыш: Knauf Insulation 50 мм (қабырғалар).</p> <p>4) Мембраналар: А–В.</p> <p>5) Қасбет: икемді черепица.</p> <p>6) Шатыр жабыны: икемді черепица.</p> <p>7) Терезелер: үлкен панорамалық, поливинилхлорид/ алюминий, әйнек 4 мм.</p> <p>8) Едендер: бағытталған жаңқалы тақта 12 мм + ламинат.</p> <p>9) Әрлеу: вагонка / гипсокартон парағы / брус имитациясы / лиственница.</p> <p>10) Электр: мыс күштік ВВГ кабелі, 3 өзекті (әрқайсысы 2,5 мм²), қорғаныс автоматтары.</p> <p>11) Сантехника: диаметрі 15–25 мм поливинилхлорид құбырлар.</p> <p>12) Жылыту: жылы еден + электр конвекторлары.</p> <p>13) Пайдалану: жыл бойы.</p>
	Қонақүйлер (глэмпингтер)	<p>Глэмпинг түріндегі қонақ үйлерді салуға қолданылатын материалдар:</p> <p>1) Қаңқа: ағаш тақтай (қарағай) 150×50 мм, қадамы 600 мм, өртке және биоқорғауға өңделген.</p> <p>2) Жылу оқшаулағыш: Knauf минералды мақтасы, қалыңдығы 50 мм.</p> <p>3) Мембрана: бу және гидрооқшаулағыш А–В.</p> <p>4) Шатыр жабыны: Doske жұмсақ черепицасы.</p> <p>5) Ішкі әрлеу: өңделген вагонка (Б–С).</p> <p>6) Терезелер мен есіктер: поливинилхлорид, екі қабатты әйнекпакет 4 мм.</p> <p>7) Электр: мыс күштік ВВГ кабелі, 3×2,5 мм² және 3×1,5; қорғаныс автоматтары.</p> <p>8) Сантехника: диаметрі 15–25 мм, поливинилхлорид құбырлар, фитингтер, крандар, араластырғыштар.</p> <p>9) Едендер: бағытталған жаңқалы тақта 12 мм + 32-класс ламинат.</p> <p>10) Санторап: кафельмен әрлеу, ылғалға төзімді материалдар.</p> <p>11) Жылыту: электр жылыту және жылы еден.</p>

		<p>12) Пайдалану: төрт маусымдық (всесезондық).</p> <p>13) Жоспарлама: 1 бөлме, асүй-қонақ бөлме, санторап.</p> <p>14) Дизайн: заманауи экостиль және минимализм.</p>
	Әкімшілік ғимараттар	<p>Әкімшілік ғимараттарды салуға қолданылатын материалдар:</p> <p>1) Қаңқа: ағаш тақтай (қарағай) 150×50 мм, қадамы 600 мм, өрт-биоқорғаумен өңделген.</p> <p>2) Аралық жабындар: 200×50 мм тақтай + 150 мм жылу оқшаулағыш.</p> <p>3) Стропиль жүйесі: 150×50 мм, қадамы 600 мм.</p> <p>4) Жылу оқшаулағыш: Кнауф минвата 50 мм.</p> <p>5) Мембраналар: А (желден қорғау) және В (буоқшаулағыш).</p> <p>6) Шатыр жабыны: металл черепица.</p> <p>7) Қасбет: брус имитациясы.</p> <p>8) Терезелер: поливинилхлорид, әйнекпакет 4 мм.</p> <p>9) Есіктер: кіреберіс — металл; ішкі есіктер — орташа тығыздықтағы ағаш талшықты тақта.</p> <p>10) Едендер: бағытталған жаңқалы тақта 12 мм + ламинат.</p> <p>11) Электр: мыс күштік ВВГ кабелі 3×2,5 мм² және 3×1,5, Schneider автоматтары, LED жарықтандыру.</p> <p>12) Сантехника: диаметрі 15–25 мм поливинилхлорид құбырлар.</p> <p>13) Жылыту: электр қазандығы / радиаторлар.</p> <p>14) Байланыс: интернет-кабель, серверлік нүкте.</p> <p>15) Пайдалану: жыл бойы.</p>
	Қоғамдық тамақтану орындары (мейрамхана немесе кафе)	<p>Қоғамдық тамақтану орындарын (мейрамхана немесе кафе) салуға қолданылатын материалдар:</p> <p>1) Қаңқа: ағаш тақтай (қарағай) 150×50 мм, қадамы 600 мм, өртке және биоқорғауға арналған құраммен өңделген.</p> <p>2) Жылу оқшаулағыш: Кнауф минералды мақтасы, қалыңдығы 50 мм.</p> <p>3) Мембрана: бу және гидрооқшаулағыш А–В.</p> <p>4) Шатыр жабыны: Doske жұмсақ черепицасы.</p> <p>5) Сыртқы әрлеу: өңделген (қарағай) брус имитациясы.</p> <p>6) Ішкі әрлеу: лак жағылған фанера және 5 мм декоративті тігіс, көрінбейтін аймақтарда — бағытталған жаңқалы тақта.</p> <p>7) Едендер: негіз — бағытталған жаңқалы тақта, үстіңгі қабат — 32-класс ламинат; террасада — маймен қапталған тақтай.</p> <p>8) Терезелер мен есіктер: поливинилхлорид, екі қабатты әйнекпакет 4 мм.</p> <p>9) Электр: мыс күштік кабель 3×2,5 мм² және 3×1,5, қорғаныс автоматтары.</p> <p>10) Сантехника: диаметрі 15–25 мм поливинил-</p>

		<p>хлорид құбырлар, фитингтер, крандар, араластырғыштар.</p> <p>11) Жылыту: электр конвекторлары және жобаға сәйкес жылы еден.</p> <p>12) Асүй: сорғыш жүйесі және жуу аймағымен жабдықталған.</p> <p>13) Терраса: шамамен 100 м² ағаш настил, 10 мм поликарбонаттан жасалған шатыр.</p> <p>14) Жоспарлама: негізгі зал, ресепшен аймағы және бар стойкасы, асүй, жуу аймағы, санторап, терраса.</p> <p>15) Пайдалану: құрылым төрт маусым бойы пайдалануға есептелген.</p> <p>16) Дизайн: этноархитектура элементтері бар заманауи эко-стиль.</p>
<p>№ 4 лот. Учаскенің орналасқан жері: Қарабұлақ орманшылығы, Қайыңды шатқалы, 21 квартал, 9 және 10 телімдер. Нысанның атауы: Туристерге қызмет көрсету нысаны, ауданы 1,8 га.</p>		
4	Жоспарланатын іс-шаралар	<p>Туристерге қызмет көрсету нысаны мыналарды орналастыруды қамтиды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - 20 бірлік көлемінде қонақ үйлер (A-Frame стиліндегі экоүйлер); - 5 бірлік көлемінде киіз үйлер; - әкімшілік ғимарат және шаруашылық блок. <p>Аумақты абаттандыру мыналарды қамтиды:</p> <ul style="list-style-type: none"> 1) электромобильдерге арналған орындары және қуаттау құрылғылары бар автотұрақ (паркинг аймағы); 2) жылытуы бар чанмен жабдықталған монша кешені; 3) демалыс орны (беседкалар, шатырлар, орындықтар, үстелдер), септикпен жабдықталған дәретханалар, қоқыс жәшіктері; 4) балалар ойын алаңы; 5) серуендеу аймағы; 6) от жағуға арналған аймақ; 7) шатырлар орналастыруға арналған аймақ; 8) алтыбақан; 9) садақ атуға арналған орын.
	Қонақ үйлер (A-Frame стиліндегі экоүйлер)	<p>Жалпы сипаттамалары: Әрбір қонақ үйдің ауданы 40 м²-ден кем емес. Жыл бойы тұруға арналған.</p> <p>Іргетас: Топырақ ерекшеліктеріне және таспалы бетон негіздерін қолдануға қойылған шектеулерге байланысты металл қадалардан жасалған қадалы іргетас қарастырылған.</p> <p>Көтергіш конструкция: Көтергіш жүйе ретінде металл қаңқа қарастырылған.</p> <p>Шатыр: Жобада фальцті шатыр орнату көзделген.</p> <p>Қасбеттің сыртқы әрлеуі: Қасбет (Фасад) аралас тәсілмен орындалады: фиброцемент панельдер және ағаш рейкалар.</p>

		<p>Ішкі әрлеу: Ішкі әрлеуде бамбук панельдерін қолдану қарастырылған.</p> <p>Жылу оқшаулау және инженерлік желілер: Жобада жанбайтын немесе қиын жанатын жылытқыштарды қолдану, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы құрылыс және өртке қарсы нормаларына сәйкес орындалған өрт қауіпсіз инженерлік коммуникацияларды пайдалану көзделген.</p> <p>Энергиямен жабдықтау: Қонақ үйлерді электрмен жабдықтау гибриді жүйе арқылы қарастырылған, оған күн панельдерін (фотоэлектрлік модульдер) резервтік қуат көзімен және электр энергиясын жинақтау жүйесімен бірге пайдалану кіреді.</p>
	Киіз үйлер	Ағаш қаңқа, табиғи киізбен қапталған.
	Әкімшілік ғимарат, шаруашылық блок	<p>Жалпы сипаттамалары: Мейрамхананың ауданы 300 м² және одан жоғары. Ғимарат бір қабатты, пайдаланылатын шатыры бар. Жыл бойы пайдалануға арналған.</p> <p>Іргетас: Топырақ ерекшеліктеріне және таспалы бетон іргетастарды қолдануға қойылған шектеулерге байланысты металл қадалардан жасалған қадалы іргетас қарастырылған.</p> <p>Көтергіш конструкция: Көтергіш жүйе ретінде металл қаңқа қарастырылған.</p> <p>Қасбеттің сыртқы әрлеуі: Қасбет еденнен төбеге дейін панорамалық әйнекпен орындалады. Сондай-ақ мыналар қолданылады: козырқты қаптауға арналған фиброцемент панельдер, жекелеген бөліктерде сәндік ағаш рейкалар. Ғимараттың айналасында терраса қарастырылған.</p> <p>Жылу оқшаулау және инженерлік желілер: Жанбайтын немесе қиын жанатын жылытқыштар қолданылады. Барлық инженерлік коммуникациялар, соның ішінде жылыту және желдету жүйелері өрт қауіпсіз талаптарға сәйкес орындалады. Жылыту — ауа арқылы.</p> <p>Энергиямен жабдықтау: Ғимаратты электрмен жабдықтау гибриді жүйе арқылы қарастырылған, оған күн панельдерін (фотоэлектрлік модульдер) резервтік қуат көзімен және электр энергиясын жинақтау жүйесімен бірге пайдалану кіреді.</p>
№ 5 лот. Учаскенің орналасқан жері: Қарабұлақ орманшылығы, Қайыңды шатқалы, 22-квартал, 9-телім. Нысанның атауы: Туристерге қызмет көрсету нысаны, жер аумағы – 1,5 га.		
5	Жоспарланатын іс-шаралар	Туристерге қызмет көрсету нысаны мынадай объектіні орналастыруды қамтиды: қоғамдық тамақтану пункті. 10 данаға дейін Эко үй — А-frame үйлерін, шатырлы лагерьді, әкімшілік ғимарат пен шаруашы-

		лық блокты, 5 дана киіз үйді, 5 дана кемпингті орналастыру жоспарлануда. Аумақты абаттандыру мыналарды қамтиды: 1) демалыс орны (беседкалар, бастырмалар, орындықтар, үстелшелер), септигі бар дәретханалар, қоқыс жинау орындары; 2) автотұрақ; 3) балалар ойын алаңын орналастыру; 4) от жағу және барбекю аймағы; 5) чаны бар және жылыту жүйесі бар монша кешені.
	Қоғамдық тамақтану нүктесі	Қоғамдық тамақтану пунктін салуға қолданылатын материалдар мыналарды қамтиды: 1) Қаңқа: 150×50 мм ағаш тақтайдан, қадамы 600 мм, отқа және биоқорғағыш құраммен өңделген, 2) Жылуоқшаулағыш: Knauf минералды жүні, қалыңдығы 50 мм. 3) Мембрана: бу және гидрооқшаулағыш А–В. 4) Шатыр жабыны: Доске жұмсақ черепицасы. 5) Сыртқы әрлеу: өңделген брус имитациясы (қарағай). 6) Ішкі әрлеу: лакталған фанера және 5 мм сәндік жігі; көзге көрінбейтін аймақтарда — боялған бағытталған жаңқалы тақта. 7) Едендер: негізі — 12 мм бағытталған жаңқалы тақта; үстіңгі қабаты — 32-класс ламинат, террасада — жабындысы бар тақтай. 8) Терезелер мен есіктер: поливинилхлорид, 4 мм екі қабатты шыныпакет.
	А – Frame Эко-үйлері	А-frame үлгісіндегі эко үйлерді салуға қолданылатын материалдар мен сипаттамалар: 1) Қаңқа: 150×50 мм ағаш тақтайдан (қарағай), қадамы 600 мм, отқа және биоқорғағышпен өңделген. 2) Жылуоқшаулағыш: Knauf минералды жүні, қалыңдығы 50 мм. 3) Мембрана: бу және гидрооқшаулағыш А–В. 4) Шатыр жабыны: Доске жұмсақ черепицасы. 5) Ішкі әрлеу: өңделген вагонка В/С. 6) Терезелер мен есіктер: поливинилхлорид (ПВХ), 4 мм екі қабатты шыныпакет. 7) Электрика: ВВГ маркалы мыс күштік кабель (3×2,5 мм ² және 3×1,5 мм ²), қорғаныс автоматтары. 8) Сантехника: поливинилхлорид құбырлары 15–25 мм, фитингтер, крандар, араластырғыштар. 9) Едендер: қалыңдығы 12 мм бағытталған жаңқалы тақта + 32-класс ламинат. 10) Санузел: кафельмен әрлеу, ылғалға төзімді материалдар. 11) Жылыту: электр жылытқыш және жылы еден. 12) Пайдалану: төрт маусымға арналған (жыл

		<p>бойы).</p> <p>13) Жоспарлау: 1 бөлме, ас үй-қонақ бөлме, санузел.</p> <p>14) Дизайн: заманауи эко-стиль және минимализм.</p>
	Шатырлы лагерь	<p>Қолданылатын материалдар шатырлы лагерьді салу үшін:</p> <p>1) Құрылыс түрі: ауа бағаналы (Air-tent) үрілетін шатырлар.</p> <p>2) Қаңқа: күшейтілген поливинилхлорид / термопластикалық полиуретан, герметикалық дәнекерленген тігістер, үрлеу / босату клапандары.</p> <p>3) Тент / қабырғалар: полиэстер / Оксфорд матасы полиуретан-поливинилхлорид жабындысымен, суға төзімді және ультракүлгінге төзімді, тігістер мен бекіту нүктелерінде күшейту.</p> <p>4) Еден: ванна типті су өткізбейтін төсек (немесе жеке суға төзімді еден — модельге байланысты).</p> <p>5) Өтулер: кірістер қорғаныс клапандары бар сыдырмамен, кірістер / терезелерде москит торлары.</p> <p>6) Бекіту: тартқыштар, белдіктер, штырьлер / анкелер, кергіштер, міндетті желге қарсы бекіту.</p> <p>7) Жиынтық: үргіш / помпа, жөндеу жинағы, қаптар / сөмкелер, нұсқаулық / өнім паспорты.</p> <p>8) Инженерия / санитарлық торап / оқшаулау: қарастырылмаған (қажет болған жағдайда — жеке опция ретінде).</p> <p>9) Қолдану: маусымдық (көктем – жаз – күз) дайындалған алаңда.</p>
	Әкімшілік ғимарат және шаруашылық блогы	<p>Әкімшілік ғимаратты және шаруашылық блогын салуға қолданылатын материалдар:</p> <p>1) Қаңқа: ағаш тақтадан (қарағай) 150×50 мм, қадам 600 мм, өрт және биологиялық қорғаныс.</p> <p>2) Шатыр жабыны / Перекрытия: тақта 200×50 мм + оқшаулағыш 150 мм.</p> <p>3) Шатыр жүйесі: 150×50 мм, қадам 600 мм.</p> <p>4) Оқшаулағыш: Кнауф минералды жүн 50 мм.</p> <p>5) Мембраналар: А (желден қорғау) және В (бу өткізбейтін).</p> <p>6) Шатыр жабындысы: металл шатыр тақталары (металлочерепица).</p> <p>7) Фасад: брус имитациясы.</p> <p>8) Терезелер: поливинилхлорид, 4 мм әйнек пакеті.</p> <p>9) Есіктер: металл кіріс есіктері, бөлме ішіндегі сүректің ұсақ дисперсті фракциясы есіктер.</p> <p>10) Едендер: бағытталған ағаш ұнтақ тақтасы 12 мм + ламинат.</p> <p>11) Электрика: күштік электр кабелі маркасы, Schneider автоматтары, LED жарықтандыру.</p> <p>12) Сантехника: поливинилхлорид 15–32 мм.</p> <p>13) Жылыту: электрлік котел / радиаторлар.</p>

		<p>14) Байланыс: интернет кабелі, серверлік нүкте.</p> <p>15) Қолдану: жыл бойына.</p>
	Киіз үй	<p>Киіз үй салуға қолданылатын материалдар:</p> <p>1) Қаңқа: бөлшектелетін болат қаңқа, болат профилінен; қосылыстар бұрандалы / қыстырмалы; коррозия ғақарсыжабынды (бояу / цинклеу).</p> <p>2) Қабырғалық бөлік: болат тор кереге (секциялық / бүктелетін).</p> <p>3) Күмбез: болат шанырақ + уыки (шатыр элементтері) болат профильден.</p> <p>4) Бекіту: белдік белдіктер / жоғары беріктіктегі строптар, бекіткіш фурнитура (кергіштер, карабиндер).</p> <p>5) Жабынды: сыртқы тент (тент материалы поливинилхлорид немесе полиэстерменқапталған), күшейтілген тігістер, люверс.</p> <p>6) Есіктер: кірісесігі (ағаш немесе болат — комплектацияға байланысты).</p> <p>7) Бекіту: тартқыштар / шатырьлер немесе подиумға бекіту (анкелер / бұрыштар — негіз болса).</p> <p>8) Оқшаулау / мембраналар / санитарлықторап: қарастырылмаған (стандарты жазғы комплектация).</p> <p>9) Еден және электрлік жабдық: кірмейді (қосымша опция ретінде мүмкін).</p> <p>10) Қолдану: маусымдық (көктем – жаз – күз).</p>
	Кемпингтер	<p>Кемпингтерді салуға қолданылатын материалдар:</p> <p>1) Қаңқа: үрілетін ауа бағаналары (AirFrame) күшейтілген поливинилхлорид / жабындысы бар күшейтілген мата (көпқабатты материал), герметикалық дәнекерленген тігістер.</p> <p>2) Шатырматасы: полиэстер / Оксфорд матасы, полиуретанменқорғаныс қабаты бар (суға төзімді, ультра күлгінге төзімді), бұрыштар мен бекіту нүктелерінде күшейту.</p> <p>3) Еден (төменгіқабат): жоғары тығыздықтағы поливинилхлорид мата («ванна» түрінде су өткізбейтін), герметикалық тігістер.</p> <p>4) Бекіту: строптар, люверс, тартқыштар, шатырьлер / анкелер; желге қарсы белдіктер және бекіту нүктелері периметр бойынша.</p> <p>5) Сыдырмалар және фурнитура: су өткізбейтін сыдырмалар, клапандар, белдіктер, карабиндер, кергіштер.</p> <p>6) Терезелер / кірістер: мөлдір (жұмсақ) поливинилхлорид терезелержәне москит торлары; кіріс маталары сыдырма / желімbearқылы.</p> <p>7) Оқшаулау: қарастырылмаған (стандарты жазғы комплектация).</p> <p>8) Мембраналар: қарастырылмаған (негізгі</p>

		<p>комплектацияда).</p> <p>9) Инженерия: электр, жылыту, санитарлық торап қарастырылмаған (қажет болса, жеке опция ретінде).</p> <p>10) Жиынтық: үргіш / помпа, жөндеу жинағы (латкалар / желім), сақтау және тасымалдау сөмкесі.</p> <p>11) Қолдану: маусымдық (көктем – жаз – күз), жел жүктемесіне қарсы міндетті түрде тартқыштар арқылы бекіту.</p>
<p>№ 6 лот. Учаскенің орналасқан жері: Қарабұлақ орманшылығы, Шатқал учаскесі, 4 квартал 26 телімі, 5 квартал 4 және 8 телімдер. Объектінің атауы: Туристерге қызмет көрсету нысаны. Ауданы: 2 га.</p>		
6	Жоспарланатын іс-шаралар	<p>Туристерге қызмет көрсету нысаны келесілерді орналастыруды қамтиды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - заманауи экологиялық қонақ үйлер (гостевой үй) – 20 бірлік; - киіз үйлер – 15 бірлік; - кемпинг аймақтары – 2 бірлік; - фотозонасы бар киіз үй; - визит-орталық. <p>Аумақты абаттандыру келесілерді қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) демалыс орындары (беседкалар, шатырлар, орындықтар, үстелдер), санитарлық-гигиеналық тораптар (дәретханалар), қоқыс жәшіктері; 2) алтыбақан – 3 бірлік; 3) садақ ату алаңы; 4) 30 автокөлікке арналған автотұрақ; 5) кемпингке арналған аймақтар – 2 бірлік; 6) атпен серуендеуге арналған орын (атқора).
	Экологиялық қонақ үйлер	<p>Экологиялық қонақ үйлерді салу үшін қолданылатын материалдар мыналарды қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Қаңқа: 150×50 мм өлшемдегі қарағай тақтайынан, қадамы 600 мм. 2) Пішіні: биік екі еңісті шатыр, еңісі 35–45°. 3) Жылытқыш: Knauf Insulation 50 мм (қабырғаларға). 4) Мембраналар: А–В. 5) Фасад: икемді черепица. 6) Шатыр жабыны: икемді черепица. 7) Терезелер: үлкен панорамалық ПВХ / алюминий, 4 мм. 8) Едендер: ОСБ 12 мм + ламинат. 9) Ішкі әрлеу: вагонка / ГКЛ / брус имитациясы. 10) Электр жүйесі: ВВГ 3×2,5; қорғаныс автоматтары. 11) Сантехника: ПВХ 15–25 мм. 12) Жылыту: жылы еден + электр конвекторлары. 13) Пайдалану мерзімі: жыл бойы.
